



Астана қ-сы, Желтоқсан к-сі, 28/1
тел.: 31 92 32, факс: 31 65 10
e-mail: kulpunai40@mail.ru

г.Астана, ул. Желтоқсана, 28/1
тел.: 31 92 32, факс: 31 65 10
e-mail: kulpunai40@mail.ru

БҰЙРЫҚ № 17
2025 жыл « 10 » аз

**Ата-аналардан заңсыз демеушілік көмек
талап етуге, заңсыз ақша жинауға
тыйым салу туралы**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңы және Астана қаласы білім басқармасының 07.02.2025 жылғы № 243 бұйрығы негізінде
БҰЙЫРАМЫН:

- 1.Ата-аналардан, заңды өкілдерден жөндеу жұмыстарына, құрал-жабдықтар, оргтехникалар, жиһаздар, ыдыстар сатып алуға, білім беру ұйымдарын аттестациялауға, педагогтерге сыйлыққа, мерекелік іс-шараларға және басқа да ақша қаражаттарын мәжбүрлеп жинауға үзілді кесілді қатаң тыйым салынсын;
- 2.Педагогикалық ұжымда және ата-аналар комитетінің мүшелері арасында заңсыз ақша жинау мәселесі бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін;
- 3.Ата-аналардан заңсыз ақша жинауға жол берген тәрбиешілерге, қызметкерлерге шара қолданылсын.
- 4.Бұйрықпен педагогикалық ұжымның барлық мүшелері таныссын (қосымша 1);
- 5.Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.



Ку

А.А.Куланбекова